



Еске алу



Орал қаласының тұрғыны болған жанашыр бауыр, асыл жар, қамқор әке **Жайлау ТІЛЕПҰЛЫНЫҢ** бақилық болғанына 25 сәуірде 10 жыл болуына орай сағына еске аламыз.

10 жыл өтті асқар тауым құлағалы,  
10 жыл өтті анамыз іздеп жылағалы.  
Әр күніміз сағынышпен өткенімен,  
Жүрегіміз әке деп соғады әлі.

10 жыл өтті, бізде болдық балалы,  
Суретіңе атам ғой деп қарады.  
Жұмбағы мен сырлары көп дүние-ай,  
Өзегімді өртеп, бөліп барады.

**Сағына еске алушылар: зайыбы Ақжелең, бала-келіндері Дастан-Ақиіс, Мирас-Тілекші, қыз-күйеу балалары Айбек-Ақбота, Тимур-Ақтоты, немере-жиендері**

«ҚазТрансОйл» АҚ ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына, сондай-ақ қоғамдық тыңдаулар өткізу ережелеріне сәйкес бірыңғай экологиялық порталында (esportal.kz) «Қоғамдық талқылаулар» бөлімінде «ҚазТрансОйл» АҚ Атырау мұнай құбыры басқармасы «Орал» ЖӨДС «Өзен-Атырау-Самара» магистральды мұнай құбырындағы «Бұзылған жерлерді қайта қалпына келтіру» және «ҚазТрансОйл» АҚ Атырау мұнай құбыры басқармасының «Орал» ЖӨДС «Өзен-Атырау-Самара» магистральды мұнай құбырындағы «Бұзылған жерлерді қайта қалпына келтіру» жобаларына қоршаған ортаны қорғау бөлімі бойынша жария талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Ескертулер мен ұсыныстарды беру үшін 2022 жылғы 3 мамырдан бастап 5 жұмыс күні ішінде жобалау құжаттамасының пакетімен бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады.

ӨМГ филиалы «Интергаз Орталық Азия» АҚ Орал ӨМГ филиалы үшін 2022-2030 жылдарға арналған жол берілетін шығарындылар нормативтері (НДВ) жобасы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізетіндігін хабарлайды. 2022-2030 жылдарға арналған «Интергаз Орталық Азия» АҚ Орал МГМГ филиалының Шежін ЕАМ үшін атмосфераға ластанушы заттардың жол берілетін шығарындылары нормативтерінің жобасы, қалдықтарды басқару бағдарламасы. Қоғамдық тыңдауларды өткізу күні, уақыты және орны:

1. 27.05.2022 ж. сағат 10.00-де Казталов ауданы, Болашақ ауылы. Болашақ ауылдық округі әкімінің аппараты; Казталов ауданының ықпал ету аумағы, Болашақ а. о. Болашақ а., әкімдік.

2. 10.06.2022 ж. сағат 10.00-де Тасқала ауданы, Амангелді а.о., Амангелді а., Амангелді ауылдық округі әкімінің аппараты; ықпал ету аумағы Тасқала ауданы, Амангелді а. о., Амангелді с., Шежін КС мәжіліс залы.

2022-2030 жылдарға арналған «Интергаз Орталық Азия» АҚ Орал МГМГ филиалының Жаңақала ЕАМ үшін атмосфераға ластанушы заттардың жол берілетін шығарындылары (ШЖБШ) нормативтерінің жобасы, қалдықтарды басқару бағдарламасы.

3. 30.05.2022 ж. сағат 16.00-де Жаңақала ауданы, Көпжасар а.о., Көпжасар а., Көпжасар ауылдық округі әкімінің аппараты; әсер ету аумағы Жаңақала ауданы, Көпжасар а. о., Көпжасар а., әкімдік.

4. 31.05.2022 ж. сағат 10.00-де. Тасқала ауданы, Мереке а. о., Мереке а., Мереке ауылдық округі әкімінің аппараты; ықпал ету аумағы. аудан, Мереке а.о., Мереке а., әкімдік.

5. 07.06.2022 ж. сағат 15.00-де. Жаңақала ауданы, Жаңақала а.о., Жаңақала а., Жаңақала

ла ауылдық округі әкімінің аппараты; әсер ету аумағы Жаңақала ауданы, Көпжасар а. о., Жаңақала а., әкімдік.

6. 08.06.2022 ж. сағат 11.00-де. Казталов ауданы, Березинский а. о., Қайыңды а., Березин ауылдық округі әкімінің аппараты; әсер ету аумағы Казталов ауданы, Березинский а. о.

7. 08.06.2022 ж. сағат 16.00-де. Казталов ауданы, Ақпәтер ауылы, Ақпәтер ауылдық округі әкімінің аппараты; ықпал ету аумағы Казталов ауданы, Жаңақала ауылы, Ақпәтер ауылы, әкімдік.

8. 09.06.2022 ж. сағат 11.00-де. Казталов ауданы, Жалпақтал а.о., Ақпәтер а., Ақпәтер ауылдық округі әкімінің аппараты; ықпал ету аумағы Казталов ауданы, Жалпақтал а. о., Жалпақтал с., әкімдік.

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда (Esportal.kz) және Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы сайтында: <https://www.gov.kz/memleket/entities/bko-zherpaidalanuuy?lang=kk> танысуға болады. Жоспарланған қызмет туралы қосымша ақпаратты [bereznyak@ica.kz](mailto:bereznyak@ica.kz) электрондық поштасы және 8 (7112) 500-001 (Березняк Андрей Василевич) нөмірі арқылы алуға болады. Ескертулер мен ұсыныстар мына сілтемелер бойынша қабылданады: [esportal.kz](http://esportal.kz) және [bko.gov.kz](http://bko.gov.kz) мекенжайы бойынша.

Жобаның тапсырыс берушісі: ӨМГ «Орал» филиалы «Интергаз Орталық Азия» АҚ. Тел: 8 (7112) 97-23-55, e\_mail: [bereznyak@ica.kz](mailto:bereznyak@ica.kz). Березняк Андрей Василевич. РЕШН жоба әзірлеушісі «Ориент-NS» ЖШС болып табылады. Тел: 87012706220; e\_mail: [orient-ns@mail.ru](mailto:orient-ns@mail.ru).

## Жасыл желекті өрт жалтамасын.



Чапаев орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі коммуналдық мемлекеттік мекемесі Жайық өзенін жағалай өскен орман-тоғайды өрттен қорғау жұмыстарына кірісті. Өрт қаупі төнетін мезгіл қар кетісімен басталып, күзгі жауын-шашынға дейін созылады. Орналасқан жеріне (оңтүстікке қарай) байланысты Қарша, Каленый орманшылығының аумақтары жоғарғы жану санына жатады. Тілсіз жау делінетін өртті болдырмау, бола қалған жағдайда оны сөндіру мақсатында аталмыш мекеме өрт сөндіру құрал-саймандарымен, техникалармен жабдықталды.

Наурыз айынан бастап өрт қауіпсіздігіне байланысты тиісті құрылымдармен бірлескен жұмыс жоспары жасақталды. Орман өрттерін сөндіру жұмыстарын пысықтайтын біріктірілген жаттығулар өте-

ді. Өрт қаупіне қатысты белгілер орнатылып, халық арасына таратылатын өртті болдырмау, одан сақтану шаралары жазылған парақшалар дайындалды. Сонымен қатар мемлекеттік орман қоры аумағымен шекаралас жатқан аумақтардың жер пайдаланушыларына жазбаша ескерту беріліп, өрт шығу қаупі күшті маусымдарға дайындық жұмыстары басталды. Мекемеге қарасты Бударин, Чапаев, Қарша, Каленый бөлімшелерінде өрт қауіпсіздігінің алдын алу бағытында күнделікті кезекшілік жүргізіледі.

Елімізде «Е-лицензиялау» ақпараттық жүйесі арқылы халыққа ағаш кесу және орман билеттерін (бал жинау, саңырауқұлақтар, жидектер теруге беріледі) жазу қызметі электронды түрде көрсетіледі. Егерде орман-тоғайда от жағып, өрт қаупін туғызған

жағдайда әкімшілік құқықбұзушылықтың 367-бабының 1-тармағына сәйкес лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлерге – 30 АЕК, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 50 АЕК, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – 150 АЕК, жеке тұлғаға 10 АЕК шамасында айыппұл салуға әкеп соғады. Тұрғындардың қолдауына сүйене отырып, алдағы өрт қауіпті кезеңінде жасыл желекті от-жалыннан аман сақтауға міндеттіміз. Әрқайсымыз туған өлкеміздің көркі орман-тоғайдың жайқалып, жайнай беруіне салғырт қарамайық!

**Жанна СҰЛТАНОВА,**  
**Чапаев орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі КММ-ның орман қорғау инженері, Ақжайық ауданы**

## Аналық жүрегіммен алғыс айтамын

Адамзаттың ең басты құндылығы – ұрпақ. Сол ұрпақты тәрбиелеу мен өсіру – әрбір ата-ананың міндеті. Ал сәбидің дені сау болып өмірге келуі алдымен анасының, содан соң ақ халатты абзал жандардың қолында екені де анық.

Дүние есігін енді ашқан шақалақтың өмірі қыл үстінде тұрған сәтте көмекке келетін де, үміт беріп, өмір сыйлайтын да сол – ақ желенділер. Мен өз басымнан өткенді баяндап, дәрігер деген абыройлы атқа әбден лайықты жандарға алғысымды айтқым келеді.

Ақпан айында аяқ астынан денсаулығым сыр беріп, ай-күні толмаған сәбиім өмірге келді. Алты айлық қызымның салмағы небәрі бір келі еді. Сол кездегі халі өте ауыр, тіпті өмір сүру, сүрмеуі беймәлім болатын. Құдай сәтін салып, облыстық перинатальды орталық-

тың дәрігерлері мен медбикелерінің арқасында бүгінгі таңда қызымыз екеуіміз отбасымызға оралғалы отырмыз. Екі ай ем-дом алдық. Нәрестелер жансақтау бөлімшесінің меңгерушісі Бақтыгүл Елемесқызы Сүлейменова мен нәрестелер патологиясы бөлімшесінің меңгерушісі Әсел Меңдаққызы Нығметоваға зор ризашылығымды білдіремін. Сондай-ақ аталған бөлімшелердің өз жұмыстарын мықты меңгерген медбикелеріне аналық ақ жүрегіммен, алғысымды айтамын. Сіздердің баға жетпес еңбектеріңіз бен мейіріміңіз алдарыңыздан мың еселеніп жақсылық болып қайтсын. Алла тағаланың рақымы жаусын.

**Гүлдария МҰҚАТАЕВА,**  
**Ақсай қаласы, Бөрлі ауданы**

«ORAL ONIRI» Батыс Қазақстан облыстық қоғамдық-саяси газеті. 090000, Орал қаласы, Мұхит көшесі, 57/1. E-mail: [oral\\_oniri@inbox.ru](mailto:oral_oniri@inbox.ru)

Меншік иесі: «Жайық Пресс» ЖШС

Бас директор Табылғали САПАРОВ

Редакция алқасы:

Бас редактор Бауыржан ҒҰБАЙДУЛЛИН  
Сырымбек ТҰЯҚОВ,  
Алтынбек ЕРМЕКҚАЛИЕВ  
(бас редактордың орынбасарлары)

Жаннат ЕСПОЛАЕВА (жауапты хатшы)

Бас директордың қабылдау бөлмесі 50-30-14.

Бас редактор 51-25-80.  
Бас редактордың орынбасарлары 54-18-08.  
Жауапты хатшы 54-38-22.  
Жарнама қабылдау тел./факс: 51-51-09.  
Бухгалтерия 54-04-90.

Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді. Қолжазбаларға пікір айтылмайды және пайдаланылмаған хат авторларына жауап қайтарылмайды. Деректердің дәлдігі үшін автор жауапты. Жарияланым авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакция тапсырысымен жазылмаған материалдар үшін қаламақы төленбейді. «Орал өңірінде» жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Мақалалар электрондық нұсқада қабылданады. А белгісімен жарияланған материалдар ақылы болып есептеледі.

Газет облыстық «Oral oniri» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. «Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды. Л. Толстой көшесі, 27/6. Телефон: 50-51-46  
Индекс: 65428. Осы нөмірдің таралымы: 11850, 3 баспа табақ. Газет аптасына үш рет шығады.

Корректорлар:  
**Н. СҰЛТАНОВА, А. АМАНЖОЛ**  
Кезекші редактор: **Г.ӘЖІГЕРЕЕВА**

